

Мектеп өмірінен



*«М. Байзақов атындағы №18 жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

*Аймақтық семинар тақырыбы:
«Үштілді білім беру – бәсекеге
қабілетті тұлға тәрбиелеу»*



2 наурыз 2020 жыл

Қызылорда облыстық мәдениет, еңбек және спорт бөлімі
Мектеп директоры
Т. Маман

Бекіткен
Мектеп директоры
Т. Маман

Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын.

Альберт Эйнштейн

Аймақтық семинардың тақырыбы: «Үштілді білім беру – бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу»

Семинардың мақсаты: СІІЛ әдісін жаратылыстану – математика бағытындағы пәндерде тиімді пайдалану және ағылшын тілінде оқыту бойынша педагогикалық әдістемелерімен бөлісу, озық іс-тәжірибелі мұғалімдерге қолдау көрсету, тәжірибесін тарату.

Өткізу әдістері: - жаңа технологиялар, акпараттық бағдарламалар, АКТ.

Өтілетін мерзімі: 02.03.2020 жылы сағат 09:00.

Ұйымдастырушы: «М.Байзақов атындағы №18 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бағдарлама

Уақыты	Іс-шара атауы	Жұмыс түрі	Ұйымдастырушылар	Өтетін орны
09:00 – 9:30	Тіркелу	Жинақтау	Кезекшілер	Мектеп дәлізі
9:30 – 10:20	Семинардың ашылуы	Мектеп директоры: С. Дүйсенбеков		Акт залы
	«Ұлы Абай – халық жүрегінде» концерттік бағдарлама		Оспанова Алмаш Ж.Қасымбекова Т.Түймебаева	Акт залы

Ашық сабақтар

Уак ыты	Пәні	Сыны бы	Сабақтың тақырыбы	Кабине т	Жауапты мұғалім
1 10:30- 11:10	Физика	9 «Ә»	Sound. Sound description	№19 АӨД	Мекенбаева Жәудір
2 10:30- 11:10	Химия	8 «Ә»	Oxides	№16 Географ ия	Айшарова Гүлмира
3 10:30- 11:10	Биоло- гия	8 «А»	Endocrine glands.	№18 тарих	Бижанова Айнұр
4 10:30- 11:10	инфор матика	9 «А»	Python list	№21 Информ атика	Өсербай Али
5 10:30- 11:10	Мате- матика	7 «Ә»	Қысқаша көбейту формуланың кемегімен өрнектерді түрлендіру.	№20 Өзін-өзі тану	Ажибекова Дина
6 10:30- 11:10	Мате- матика	5 «Ә»	Ондық бөлшектерді 10;100; 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 сандарына бөлу	№24 Қазақ тілі	Осатай Ерұттан
7 11:20- 12:00	Кофе брейк		Мектеп дәлізі	Р.Бейсенбаева К.Аралбаева А.Түребаева	
8 12:00- 12:40	Коучинг		«Жанаша оқыту – жетістік көзі»	Перизат Амангелдиева Кымбат Усенова	
9 12:00- 12:40	Тренинг сабақ		СІІЛ: жаратылыстану пәндерінде	Газиза Мусакова Айнұр Тасбулатова	
10 12:40- 13:20	Акт зал		Кәсіби сұхбат, кері байланыс	Аудандық білім бөлімінің әдіскерлері, модераторлар, мектеп директоры	

«М.Байзақов атындағы №18 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
02.03.2020 жылы мектебімізде «Үштілді білім беру – бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу»
тақырыбында өткізілген аймақтық семинардың

№1 ХАТТАМАСЫ

Қатысқаны: 100

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Семинардың ұйымдастырылуы.
2. Семинарда өтілген ашық сабақтардың нәтижесі.

1-мәселе бойынша Жетісай аудандық білім бөлімінің әдіскерлері З.Оспанова мен М.Әуелбеков семинарды ашып беріп, семинарға қатысушыларды бағдарламамен таныстырды. Семинарға аймақтық аудандардан келген ментор, әдіскерлер, пән мұғалімдері келді. Атап айтсақ:

1.Шарадара ауданынан: Р.Адамбекова, Ф.Биманова(ментор), Ж.Қыдырбаева пән мұғалімдері қатысты.

2.Келес ауданынан: Н.Сапаров физика пәні мұғалімі қатысты.

3.Мақтаарал ауданынан: Н.Токсанбаев, М.Нурова, Ж.Орымбекова қатысты.

4.Ментор: Б.Ташова, Ж.Асан;

2-мәселе бойынша семинар барысында өтілген ашық сабақтарға оқу ісінің орынбасарлары П.Амангелдиева мен Ж.Мекенбаева тоқталып өтті. Химия пәні мұғалімі Г.Айдарова 8 «Ә» сыныбына «Oxides» тақырыбында өткен ашық сабағы өз дәрежесіне болды. Сабақ барысында «Kahoot» бағдарламасы бойынша АКТ-ні тиімді қолдана отырып, топтық жұмыстар жүргізді.

Физика пәні мұғалімі Ж.Мекенбаева 9 «Ә» сыныпқа «Sound.Sound discriptions» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында үштілділік бойынша терминдер, эксперименттік тапсырмалар және формативті тапсырмаларды және АКТ-ні тиімді қолдана білді. Биология пәні мұғалімі А.Бижанова 8 «А» сыныпқа «Endocrine glands. Discases of the endocrine system» тақырыбында сабағын өмірмен ұштастыра отырып өтті. Оқушылармен қарым-қатынасы және сабақта қолданылған әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді. Информатика пәні мұғалімі А.Өсербай 9 «А» сыныпқа «Python list» тақырыбында сабағында АКТ мен Python бағдарламасын оқушыларға түсіндіре отырып, есептер шығарта білді. Сабақ өз дәрежесінде өтті. Жоғарыдағы аталған мұғалімдердің ағылшын тілінде «Class room Language» -ті жоғары деңгейде меңгергендігін атап өтті.

Математика пәні мұғалімі Д.Ажибекова 7 «Ә» сыныпқа «Қысқаша көбейту формуланың көмегімен өрнектерді түрлендіру» сабағында СТО әдістерін тиімді қолдана білді. Кері байланыс жасағанда оқушылармен қарым-қатынасы, сөйлеу манерасы жоғары деңгейде екендігін байқалды. Математика пән мұғалімі Е.Осатай 5 «Ә» сыныпқа «Ондық бөлшектерді 10;100; 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 сандарына бөлу» тақырыбында топтық сабақтарын жақсы ұйымдастырылғанын айтып, сабақ өз дәрежесінде өтілгенін айтты.

Мектеп директоры С.Дүйсенбеков коучинг және тренинг сабақтар туралы сөз алды. І деңгейлік курсты оқыған математика пәні мұғалімі П.Амангелдиева мен орыс тілі пәні мұғалімі Қ.Үсенова «Жаңаша оқыту – жетістік көзі» тақырыбында коучинг жоғары дәрежеде өткенін және ағылшын тілі пәні мұғалім Г.Мұсақова мен А.Тасбулатова «CLIL: жаратылыстану пәндерінде» тақырыбында тренинг сабағын керемет өткендігін айтылды. Тренинг және коучинг сабақтарға аймақтан келген химия, физика және биология, информатика пәндері мұғалімдері қатысып, өз пікірлерін білдіре отырып, кері байланыс жасады.

Аймақтан келген әдіскерлер мен пән мұғалімдерінің ұсыныстары төмендегідей болды.

1.Ментор Ташова Болсынай: Г.Айдарованың сабағына анализ жасап, облыс деңгейде іс-тәжірибесі таратылса деген ұсыныс білдірді.

2.Ментор Асан Жадыра: А.Бижанованың тіл мамандарымен бірге ағылшын тілін жетілдірсе деген ұсыныс айтты. Және де А.Байтұрсынов мектебінен биология пәні мұғалімі Дүйсебаева Толғанай «Смарт» сабақ болғанын «Алғыс хатқа» ұсыныс жасады.

3. Келес ауданы №39 Ө.Жолдасов мектебінен келген физика пәні мұғалімі Н.Сапаров және Чехов мектебінен келген Бакиров Ғалымжан Ж.Мекенбаеваның сабағы туралы мынадай ұсынысын білдірді: мұғалімнің өзін ұстауы, оқушылармен қарым-қатынасы, үштілде оқушылардың меңгергендігін ескере отырып аудандық марапатқа ұсынуы туралы айтты.

4. Мақтаарал ауданынан келген информатика пәні мұғалімі Н.Токсанбаев: А.Өсербайдың тілді жақсы меңгергендігі және тиімді әдістерді қолдана білгенін айтып, аудандық марапатқа ұсынды.

5. Ш.Уалиханов мектебіне Қабыл Әміре: П.Амангелдиева мен Қ.Үсенованың коучингтен алатын әдіс-тәсілдер көбірек екендігін және аудан көлемінде таратылса және де аудандық марапатқа ұсыныс жасады.

6. Н.Төрешұлов мектебінен Муталиева Элмира: тренинг сабақты жоғары дәрежеде ұйымдастырған Г.Мусакова мен А.Тасбулатова пен «Ұлы Абай – халық жүрегінде» концерттік бағдарламаны ұйымдастырған музыка пәні мұғалімі А.Оспанованы, қазақ тілі пәні әдістеме бірлестік жетекшісі Ж.Қасымбекованы, Р.Қожахметованы марапатқа ұсынуы туралы пікірін білдірді.

7. Н.Ондасынов мектебінен келген Ботабекова Айгул: Д.Ажибекованың сабағы туралы айтып, марапатқа ұсынды. Мұғалімның кәсіби шеберлігі туралы айтып, ризашылығын білдірді.

8. Тұран мектеп-гимназиясынан Ақтаев М: математика пәні мұғалімі Е.Осатайды сабақ құрылымы Абай ауылымен ұштастырып сабақты этнопедагогикамен ұштастырғанын айтып өтті.

Семинар соңында АББ-нің әдіскерлері З.Оспанова мен М.Әуелбеков қорытынды сөз сөйледі. Және де ашық сабақтарын озық тәжірибе тарату мақсатында бұқаралық ақпарат беттеріне жариялауын ұсыныс жасады.

ШЕШІМ:

1. Семинарда сабақ өткен мұғалімдер:

- 1.1. Химия пәні мұғалімі Г.Айдарова
- 1.2. Биология пәні мұғалімі А.Бижанова
- 1.3. Физика пәні мұғалімі Ж.Мекенбаева
- 1.4. Информатика пәні мұғалімі А.Өсербай
- 1.5. Математика пәні мұғалімі Е.Осатай
- 1.6. Математика пәні мұғалімі Д.Ажибекова

2. Семинарда коучинг, тренинг өткен мұғалімдер:


- 2.1. Оқу ісі орынбасары П.Амангелдиева
- 2.2. Орыс тілі пәні мұғалімі Қ.Үсенова
- 2.3. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Г.Мусакова
- 2.4. Биология пәні мұғалімі А.Тасбулатова


3. Концерттік бағдарламаны ұйымдастырған мұғалімдер:

- 3.1. Музыка пәні мұғалімі А.Оспанова
- 3.2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестік жетекшісі Ж.Қасымбекова
- 3.3. Бастауыш сынып әдістеме бірлестік жетекшісі Р.Қожахметова

Аудандық білім бөліміне марапаттауға ұсынылсын.

2. Аудандық бұқаралық ақпарат беттеріне жариялансын.

Жиналыс төрағасы:  С.Дүйсенбеков

Хатшы:  Р.Бейсенбаева

